



ҚАЗАҚТЫҢ ҚОС БАТЫРЫ

3 - бетте



ЕГО ВКЛАД В СТАНОВЛЕНИЕ АРМИИ НЕОЦЕНИМ

4 - бетте



ГАРНИЗОН ӘСКЕРИЛЕРІ ҮЙЛЕРІНЕ ОРАЛДЫ

5 - бетте

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ГАЗЕТ



SARBAZ

№19 (2134) 11 мамыр 2024 жыл

газет 1929 жылдың 7 қарашасынан бастап шығады

facebook.com/sarbaz.kz instagram.com/sarbaz.kz vk.com/sarbaz.kz twitter / @SarbazKz

ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ ОРДЕН-МЕДАЛЬДАР ТАБЫС ЕТІЛДІ

Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов жеке құрамды Отан қорғаушы күнімен құттықтап, мемлекеттік және ведомстволық наградалар тапсырды.

Салтанатты шараға қорғаныс ведомствосының басшылығы, Қарулы Күштер түрлерінің бас қолбасшылары, әскер тектерінің қолбасшылары, әскери бөлімдердің командирлері, әскери қызметшілер мен азаматтық персонал қатысты.

Қорғаныс ведомствосының басшысы Қарулы Күштердің елдің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қорғаудағы маңыздылығын атап өтті.

Бұл тапсырмалардың сәтті орындалуы барлық бөлімшелердің кәсіби дайындығына, үйлесімділігі мен жауынгерлік рухына байланысты. Кешегі табиғи апатқа қарсы күресте әскери қызметшілер алдыңғы қатарда болып, зардап шеккендерді эвакуациялауға қатысты. Жүктерді жеткізіп, бөгеттер салды. Біз армия еліміздің сенімді тірегі екенін тағы да бір дәлелдей алдық, – деді генерал-полковник Руслан Жақсылықов.

Қорғаныс министрі жаңиерлік қызметі және алға қойған міндеттерді мүлтіксіз орындағаны үшін бірқатар әскери қызметшілерге салтанатты жағдайда мемлекеттік наградалар тапсырды. Жалпы, армияның жауынгерлік дайындығын арттыруға және елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге қосқан елеулі үлесі үшін Президент Жарлығымен 29 адам марапатталды. Оның ішінде 10 адамға орден, 17 адамға «Жауынгерлік ерлігі үшін», 2 адамға «Ерен еңбегі үшін» медальдары берілді.

Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қарулы Күштері Бас штабының бастығы генерал-

лейтенант Сұлтан Қамалетдинов I дәрежелі «Даңқ» орденіне, әскери бөлім командирі генерал-майор Қанатай Далматов II дәрежелі «Даңқ» орденіне ие болды.

30212 әскери бөлімінің командирі полковник Сәбит Үркінбаевқа, Десанттық-шабуылдау әскерлері қолбасшысының орынбасары полковник Нұрмахан Құдайбергеновке, 32039 әскери бөлімі командирінің бірінші орынбасары полковник Ұлықбек Саққа, Бітімгерлік операциялар орталығының бастығы полковник Бауыржан Нығметуллинге және 10228 әскери бөлімінің командирі подполковник Ғани Сейдәзімовқа II дәрежелі «Айбын» ордені табысталды.

ҚР Қарулы Күштері Бас штабы Сержанттық құраммен жұмыс жөніндегі басқарма бастығының орынбасары шебер-сержант Болат Жайсанбаев және Бітімгерлік операциялар орталығының нұсқаушы-сержанты бірінші дәрежелі сержант Нұрлан Әйтұмов III дәрежелі «Айбын» орденіне ие болды.

«ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебі» РМҚК бас директоры отставкадағы генерал-майор Әділбек Алдабергенов «Құрмет» орденімен марапатталды.

Президенттің «Жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру туралы» Жарлығымен Қорғаныс министрінің орынбасары Қаныш Әбубәкіровке генерал-лейтенант», Әуе қорғанысы күштерінің бас қолбасшысы Дәурен Қосановқа «авиация генерал-



лейтенанты» әскери атағы берілді.

Құрлық әскерлері әскери институтының бастығы Бауыржан Ибатулин, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының бастығы Қайрат Даутов және «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы Ержан Ибраев «генерал-майор» әскери атағына ие болды. Әуе қорғанысы қуштері бас қолбасшысының орынбасары Ержан Нілдібаевқа «авиация генерал-майоры» әскери атағы берілді.

Сонымен қатар, Қорғаныс министрінің бұйрығымен 39 әскери қызметші ведомстволық «Ел қорғаны» медалімен марапатталды. Су тасқынына қарсы іс-шаралар кезеңінде ерекшеленген мерзімді қызметтің 31 сарбазы «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің үздігі» төсбелгісімен наградалды.

Үлгілі қызметі және қызметтік міндеттерін адал атқарғаны үшін қорғаныс ведомствосы басшысының бұйрығымен 60 Отан қорғаушыға мерзімінен бұрын әскери атақтар берілді.

ТАЛДЫҚОРҒАН АВИАБАЗАСЫНА ДАҢҚТЫ ҰШҚЫШТЫҢ ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы Әуе қорғанысы күштерінің авиабазасын аты аңызға айналған ұшқыш Кеңес Одағының екі мәрте батыры авиация генерал-майоры Сергей Луганскийдің есімімен атауды ұсынған болатын.



қаһарманы авиация генерал-майоры Тоқтар Әбубәкіров және Халық қаһарманы авиация генерал-майоры Айдын Айымбетов және Парламент депутаттары қатысты. Олар батырдың бюстіне гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздікпен еске алды.

– Ұлы Отан соғысы жылдарында бес жүзден астам қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Оның ішінде Леонид Беда, Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский және Иван Павлов Батыр атағын екі мәрте алды. Қарулы Күштердің жеке құрамы Мемлекет басшысының ержүрек ұшқыштың есімін мәңгілік есте қалдыру туралы ұсынысын қуана қабылдады. Бүгін біз Талдықорған авиабазасына Сергей Данилович Луганскийдің есімін беріп отырмыз, – деді Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов.

Қорғаныс ведомствосының басшысы Президент армияның жоғары жауынгерлік дайындығын қолдау және мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету ісіндегі жетістіктеріне жоғары баға бергенін атап өтті. «Бұл бізге үлкен жауапкершілік жүктейді», – деген Қорғаныс министрі бөлімінің жеке құрамы батырдың есімін лайықты алып жүретініне сенім білдірді.

Іс-шаралар аясында С. Луганскийдің өмірі мен ерлігі туралы фильм көрсетіліп, фотосурет және кітап көрмелері ұйымдастырылды. Қарулы Күштер шығармашылық ұжымдарының күшімен концерттік бағдарлама дайындалды.

Сергей Данилович Луганский 1918 жылы 1 қазанда Верный қаласында (қазіргі Алматы) шаруаның отбасында дүниеге келген. 1938 жылы Орынбор әскери авиациялық мектебін бітіргеннен кейін Ленинград әскери округінің



49-шы жауынгерлік авиациялық полкінде, содан кейін Балтық жағалауында қызмет еткен. 1941 жылы мамырда Солтүстік Кавказ әскери округінің 271-ші жойғыш авиациялық полкі эскадрилья командирінің орынбасары қызметіне тағайындалды.

1941 жылдың қазан айынан бастап Ұлы Отан соғысы майдандарында соғысқан. 1942 жылы мамырда ол 270-ші жауынгерлік авиация полкінің эскадрильясын басқарды. 1944 жылы маусымда Луганский полк командирі болып тағайындалды. Ол Оңтүстік, Солтүстік Кавказ, Воронеж, Далалық, 2-ші және 3-ші Украин майдандарында соғысқан. Дондағы Ростовтағы, Курск доғасындағы шайқастарға, Днепрді, Украина КСР-і мен Польшаны азат етуге қатысты.

Соғыс кезінде, ресми мәліметтер бойынша, Сергей Данилович Луганский 390 жауынгерлік миссия жасаған. Жеке өзі 36, топ құрамында 2 жау ұшағын атып түсірді.

Соғыс аяқталғаннан кейін әскери-әуе академиясын бітіріп, Грозный қаласына қызметке жіберіледі. Ол командирдің ұшу жөніндегі орынбасары, кейін Солтүстік

Кавказ әскери округі 42-ші жауынгерлік авиация дивизиясының командирі болды.

1956-1957 жылдары Беларусь КСР-інің Баранович қаласында орналасқан әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің 39-шы жауынгерлік авиациялық дивизиясын басқарды. 1957-1960 жылдары Түрікмен КСР-нің Красноводск қаласындағы 72-ші гвардиялық жауынгерлік авиациялық корпусының командирі болды. 1964 жылы авиация генерал-майоры Луганский запасқа шығарылып, туған қаласына оралды.

1977 жылы 16 қаңтарда қайтыс болды. Алматы қаласының Орталық зиратына жерленген.

Жауынгерлік ерлігі үшін Сергей Луганскийге екі рет Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен Алтын Жұлдыз медалі тапсырылды. Ол сондай-ақ екі Александр Невский, Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған.

Іс-шара әскери бөлім әскери қызметшілерінің салтанатты шеруімен аяқталды.



СОБЫТИЯ И ФАКТЫ

ТОРЖЕСТВЕННЫЕ МЕРОПРИЯТИЯ В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

Министр обороны РК генерал-полковник Руслан Жаксылыков прибыл в область Жетісу на торжественную церемонию присвоения Талдыкорганской авиабазы Сил Воздушной обороны имени легендарного летчика, дважды Героя Советского Союза генерал-майора авиации Сергея Луганского.

В областном центре министр обороны Руслан Жаксылыков и аким области Жетісу Бейбит Исабаев возложили венок к обелиску Славы, почтив память павших героев минутой молчания.

Министр также посетил на дому участников Великой Отечественной войны Толеубая Чектыбаева, Сарсенбая Кантарбая и Ыскака Хусаинова. Он поздравил их с Днем Победы, поблагодарил за мужество, отвагу и вклад в военно-патриотическое воспитание молодого поколения. Министр обороны подчеркнул, что выдержать испытания, выпавшие на их долю,

подвластно только смелым и сильным духом, любящим свою Родину людям.

В Доме культуры в честь Дня Победы состоялось мероприятие с участием министра обороны генерал-полковника Руслана Жаксылыкова, акима области Бейбита Исабаева и городской общественности.

Завершилось мероприятие концертом, посвященным подвигу народа в Великой Отечественной войне. Кроме того, на городской площади для горожан была развернута полевая кухня с традиционным угощением – солдатской кашей.



ПОДВИГ ОСТАНЕТСЯ В ВЕКАХ

В День Победы военнослужащие Министерства обороны и ветераны Вооруженных Сил возложили цветы к памятнику генералу Ивану Панфилову и мемориалу 28 героев-панфиловцев.



В памятной церемонии приняли участие первый заместитель министра обороны – начальник Генерального штаба Вооруженных Сил генерал-лейтенант Султан Камалетдинов, заместители министра обороны генерал-лейтенант Қаныш Абубукиров, генерал-майоры Шайх-Хасан Жазықбаев, Бақытбек Сыдықов, ветераны Вооруженных Сил, воины-афганцы и воспитанники республиканского детско-юношеского военно-патриотического движения «Жас сарбаз». Минутой молчания они почтили память воинов-казахстанцев.

1,2 млн человек. 12 стрелковых, 4 кавалерийские дивизии, 7 стрелковых бригад, 50 отдельных батальонов. Это была самая жестокая война за всю историю человечества. Пятистам казахстанцам было присвоено звание Героя Советского Союза. Отдавая почести воинам-казахстанцам, мы преклоняемся также перед нашими дедями и отцами, положившими на алтарь Победы свои жизни. Их подвиг останется в веках, – подчеркнул заместитель председателя РОО «Ветераны Вооруженных Сил» генерал-майор в отставке Марат Нагуманов.

– На войну из Казахстана было мобилизовано свыше

ПОЧТИЛИ ПАМЯТЬ ПЕРВОГО МИНИСТРА ОБОРОНЫ КАЗАХСТАНА

Праздничные мероприятия, приуроченные ко Дню защитника Отечества, в Алматы традиционно начались с возложения цветов у дома, где жил первый министр обороны, ветеран Великой Отечественной войны, Халық қаһарманы генерал армии Сағадат Нұрмағамбетов, которому в этом году исполнилось бы сто лет.

В мероприятии приняли участие командующий Десантно-штурмовыми войсками – начальник Алматинского регионального гарнизона генерал-майор Алмаз Джумакеев, ветераны Вооруженных Сил Казахстана, курсанты военно-учебных заведений и воспитанники республиканского военно-патриотического движения «Жас сарбаз».

Сағадат Нұрмағамбетов человек сложной, но яркой судьбы. Он рано остался без родителей и воспитывался в семье брата Сағита. Когда началась Великая Отечественная война старший брат Сағит первым отправился на войну и вскоре погиб. Следом повестка пришла и Сағадату. Он попал в Туркменистан, где окончил пулеметное училище и в 1942 году был направлен на фронт. От Северного Кавказа он прошагал до Берлина и встретил победу командиром батальона. Его батальон участвовал в кровопролитных боях при захвате штаба гестапо и штурме рейхстага. В 1945 году Сағадат Нұрмағамбетов был удостоен звания Героя Советского Союза.

После возложения цветов к мемориальной доске у дома, где всю жизнь прожил Сағадат Қожахметович Нұрмағамбетов, военнослужащие гарнизона прошли

торжественным маршем, отдавая дань подвигу героя.

– Все праздничные мероприятия, связанные с Вооруженными Силами, всегда начинаются с почтения памяти Сағадата Қожахметовича Нұрмағамбетова. Этот год – особенный. 25 мая ему исполнилось бы 100 лет. Заслуги генерала армии Нұрмағамбетова в создании Вооруженных Сил независимого Казахстана настолько велики, что мы обязаны и должны хранить память о нем, – сказал экс-министр обороны генерал-полковник Алибек Касымов.

Воспоминаниями о дедушке поделилась и внучка Сағадата Қожахметовича Айжан Нұрмағамбетова. Она рассказала, что Долг, Честь и Отвага для ее деда были не просто слова. С ними он шел по жизни. Он был строгим, требовательным не только к подчиненным, но и к себе.

Мероприятие продолжилось в парке 28 гвардейцев-панфиловцев, где руководство Алматинского регионального гарнизона и ветераны Вооруженных Сил возложили цветы к Вечному огню, а военнослужащие гарнизона прошли торжественным маршем.



НОСИТЬ ИМЯ ГЕРОЯ - ПОЧЕТНО И ОТВЕТСТВЕННО

В канун Дня защитника Отечества и 79-ой годовщины Победы в средней школе № 44 г. Астаны прошло торжественное мероприятие.

В нем приняли участие представители Министерства обороны, Управления образования г. Астаны, ветераны Вооруженных Сил, Афганской войны, руководители школ, учащиеся и родственники Рахимжана Кошкарбаева.

Начальник Департамента воспитательной и идеологической работы Министерства обороны РК полковник юстиции Тлеухан Басхожаев напомнил, что в этом году исполняется 100 лет Герою Советского Союза Сағадату Нұрмағамбетову и Халық Қаһарманы Рахимжану Кошкарбаеву, водрузившему знамя над рейхстагом.

– Мероприятие проводится в рамках комплексного плана, утвержденного Правительством. Оно направлено на увековечивание имени достойного сына казахского народа, являющегося примером для нынешнего и будущих поколений защитников Отечества. Носить имя прославленного героя почетно и ответственно, – подчеркнул он.

Важным событием для школы и ее учеников стало открытие мемориальной доски Рахимжана Кошкарбаева и класса начальный военно-технологический подготовки имени народного героя.

– Мы рады, что имя нашего дяди присвоили школе и его подвиг никогда не забудется. При жизни он не хотел рассказывать о войне и всегда желал только мира. Пусть так и будет всегда и наш бирюзовый флаг



гордо реет в небе, – пожелала внучата племянница Рахимжана Кошкарбаева Маржан Нұрмағамбетова.

В завершение мероприятия рота почетного караула показала дефиле с оружием, а школьники сыграли сценки, связанные с героем войны Рахимжаном Кошкарбаевым.



ГОРДО РЕЕТ ФЛАГ

На миротворческой базе Фауар на Голанских высотах состоялась торжественная церемония поднятия флага Республики Казахстан.

Символично, что это историческое для страны событие состоялось в День защитника Отечества и образования Вооруженных Сил нашей страны.

В торжественном мероприятии приняли участие командующий миссии генерал-лейтенант Курмал Нирмал и руководители миротворческих контингентов, действующих в ее составе.

Выдача Казахстану мандата Организации Объединенных Наций на самостоятельное развертывание и выполнение миротворческой миссии – свидетельство признания высокого уровня



подготовки наших военнослужащих и растущего авторитета страны на мировой арене.

В соответствии с мандатом миссии ООН, на Голанских высотах 139 казахстанцев выполняют задачи по поддержанию режима прекращения огня между противоборствующими сторонами.

– Представлять Казахстана за пределами государства – большая честь и ответственность, – отметил командир национального миротворческого контингента подполковник Жигер Аипов. – Пусть небесно-голубой флаг нашей страны будет символом мира, стабильности и надежды на лучшее будущее.

Добавим, что казахстанский миротворческий контингент, являясь ротой резерва командующего миссии, выполняет задачи по патрулированию в зоне ответственности, охране, усилению блокпостов и разминированию взрывоопасных предметов.

Личный состав миротворческой роты располагается на базе Фауар, где находится штаб миссии. Для эффективного выполнения поставленных задач казахстанские миротворцы обеспечиваются всем необходимым.



ҚАҢАРМАН

ҚАЗАҚТЫҢ
ҚОС БАТЫРЫ

Биыл баһадүр батырларымыз Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. Ғасырлық той қарсаңында қазаққа біткен қайсар ерлеріміз хақында мәлімет ұсынуды жөн санадық.



Небәрі 21 жаста...

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысының Ақкөл ауданында (бұрынғы Алексеев ауданы) өмірге келген.

1942 жылы мектеп қабырғасынан Қызыл Армия қатарына шақырылып, Түрікменстанның Қушқа қаласындағы әскери училищеге жіберілді. Оқуын бітірген соң 1943 жылдың сәуір айында майданға аттанды. Одан әрі екі жыл бойы пулемет взводның, пулемет ротасының командирі, 5-екпінді армияның II дәрежелі Суворов орденді 301-Донецк атқыштар дивизиясының 1052-атқыштар полкі құрамында батальон командирі лауазымында жауға қарсы шайқасты.

1945 жылы 17 қаңтарда Нұрмағамбетов Польша жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындайды. Магнусев плацдармында болған шайқаста ол басқаратын пулемет ротасы екі күн ішінде 120 фашист пен 12 пулемет орналасқан орынның көзін жояды. Қаланы жау әскерінен тазарту кезінде де әскерлерді сауатты басқара білуімен көзге түседі.

Шайқастардың бірінде станокты пулемет дәлдеуіші істен шығады. Соған қарамастан Нұрмағамбетов пулеметті қолына алып, жау әскеріне оқты қарша борады. Осылайша, ол фашистердің 2 жойқын шабуылына тойтарыс беріп, 65 фашист әскерін өлтіреді. Мұнан кейін Сағадат Нұрмағамбетов басқарған рота Польшаның Пилица өзенінен өтеді. Онда рота 35 жау әскерін өлтіріп, 6 пулемет орналасқан жердің көзін жояды. Сөйтіп оның ротасы кеңес әскерінің алға жылжуына мүмкіндік жасайды.

Осы ерлігі ескерусіз қалмады. Сол жылдың 27 ақпанында 21 жасында Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес одағының батыр атағы берілді.

Осыдан соң майор Сағадат Нұрмағамбетовтің батальоны рейхскаңцелярия ғимаратына жасалған шабуылға қатысып, қаһарман қазақ ұланы соғысты Берлинде аяқтады.

Ол 1946-1949 жылдар аралығында Мәскеудегі М.И.Фрунзе атындағы Әскери академияны тәмамдап, Орта Азиядағы Түркістан әскери округіне полк басқаруға жіберілді. Содан соң әртүрлі штабтық, командалық лауазымдарда, оның ішінде Қазақ ССР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Венгрияда Оңтүстік топ әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары қызметін атқарды. КСРО Қарулы Күштері Бас штабының академиясындағы курстарда оқыды.

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов 1989 жылдан

бастап, Қазақ ССР Соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіндегі Ардагерлер мен Қарулы Күштер мүгедектері істері комитеті төрағасы қызметтерін атқарды. 1991 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің төрағасы, ал, 1992 жылғы 7 мамырда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі болып тағайындалды.

Армиядағы басты қағида – дара басшылық. Бейбіт уақытта да Сағадат Қожахметұлы алдыңғы қатарда болды. Қазақстандағы әскери құрылым оның қатысуынсыз болмады. Тарих пәнінің мұғалімі болу бұйырмаса да, ол өзінің ерекше тағдырымен республиканың әскери басшыларының тарихын құрып берді. Өмірінің ең үлкен кезеңін – 1942 жыл мен 1996 жыл аралығын ол әскери мансабына арнады.

Ол жас тәуелсіз мемлекеттің Қорғаныс министрлігін құрған тұңғыш жан болды. Оны Тұңғыш Президент өзі таңдады. Оған «тәуелсіздік алған кезде елдің әскерін басқаратын бір генерал іздеп, жалғыз Нұрмағамбетовты таптым» деген сөзі дәлел.

Сол кезде қазақтар арасынан бірде-бір полк командирі болмады, әскери училищеді небәрі екі әскери мамандыққа оқытты, орасан зор материалдық-техникалық ресурстарды ысырап ету, жақсы кадрлардан айрылу қаупі болды. Бәрін бір ұыстың астында ұстау, бәрін орнықты қолдану, әскери машинаны қозғалысқа келтіру үшін ерлік, ерік-жігер, дәл осындай әскери басшының тәжірибесі қажет болды.

Тәжірибесі мол Сағадат ел әскерін аяқтан тұрғызу үшін барын салды. Мемлекет қауіпсіздігін сақтауда, қорғанысымызды нығайтуда жасаған реформалары қаншама. Енді егемен алған елде жас офицерлерді әскери машыққа баулу жолында көп төкті. Бір сөзбен айтқанда, тәуелсіз еліміз әскерінің іргетасын қалағандардың бірі. Елбасы – Қарулы Күштеріміздің Жоғарғы Бас қолбасшымен бірге тәуелсіз елдің әскерін құруға көп еңбек сіңірді.

Қазақ елінің Қарулы Күштерін қалыптастыру жолындағы сол еңбегі үшін Президент жарлығымен



(1994 жылдың 23 мамырында) тұңғыш Қорғаныс министрі Нұрмағамбетовке алғашқы «Алтын жұлдыз» сыйлығы мен Халық қаһарманы атағын берді. 1995 жылғы қарашада Армия генералы атағымен отставкаға шығып, ел Президентінің кеңесшісі болды.

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов 1971-1994 жылдары Республика Жоғарғы Кеңесіне бірнеше мәрте депутат болып сайланды. Үкімет Қаулысымен Астана қаласындағы «Жас ұлан» мектебіне Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі берілді. Оның жауынгерлік және қайраткерлік өмір жолындағы ерліктері мен еселі еңбектері жоғары бағаланып, көптеген КСРО наградларымен, Қазақстанның және



шетелдердің ордендерімен марапатталды. 2013 жылы 24 қыркүйекте 90 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Бар саналы ғұмырын туған елінің қауіпсіздігі мен қорғаныс саласын нығайтуға арнаған ірі әскери қайраткер халқының шынайы зиялысы, қадірменді ақсақалы болды.

62 жылдан соң...

1945 жылдың 30 сәуірі. Жеңіс Туын тіккен қазақ – Рақымжан Қошқарбаев. Жылдар бойы айтылмаған ақиқат 62 жылдан кейін жарыққа шықты. 2007 жылы ресми мойындалған бұл күнді кейінгі ұрпақ біле жүрсін.

Көп уақыт бойы Рейхстагқа ту тіккен кіші сержант Кантария екен деген пікір басым болды. Бірақ шын мәнісінде бәрі басқаша болғаны бәрімізге мәлім. Рейхстаг шабуылы кезінде 20-дан астам ту тігілген. Олардың ішінен ең алғашқылары қазақ Рақымжан Қошқарбаев және Григорий Булатов еді. 150-ші атқыштар дивизиясының соғыс қимылдары журналына сәйкес 30 сәуір 1945 жылы сағат 14:25 кезінде

келді. Атыс үдей түсті. Қасымда тек бір-ақ жауынгер қалды. Ол Григорий Булатов болған. «Біз не істейміз, жолдас лейтенант?» - деп сұрай берді. Біз екеуіміз суға толы шұңқыр қасында жаттық. «Туға өз тегілерімізді жазып қояйық» - деп ұсындым. Содан соң химиялық қарандашпен: «674 полк, 1 батальон» сөздерін жаздық. Қасына өз аттарымызды қостық: «лейтенант Қошқарбаев, жауынгер Булатов». Сол жерде қараңғы батқанға дейін жатуға тура келді. Сосын артиллерия соққы жасай бастады. Осы сәтте Рейхстагқа қарай жүгірдік. Құрылысқа жеткен кезде мен Булатовты көтердім, оның бойы екінші қабатқа жетті. Екінші қабат деңгейінде туды орнаттық...».

Қошқарбаевтың айтуы бойынша, Рейхстаг алдындағы ашық 270 метрлік алаңды жер бауырлап өту үшін 7 сағат кетті. Рақымжан Қошқарбаев жолдасының естелігі бойынша: «Ол сонда жеткен кезде, немістер ғимараттың жертелесі мен жоғарғы қабаттарында болған. Рақымжан туды ілген кезде жауынгерлер рухтанып, «Ура!» деп шабуылға шықты. Осыдан кейін Рейхстаг құлайтыны анық болды».

«Рейхстагтың дәл кіреберісіне Қошқарбаев пен Булатов орнатқан полктік ту жай ғана қызыл матаға ұқсас еді. Кейін Қызыл Әскер Рейхстагқа шабуылды үдетіп түскен сәтте осындай тулар жан-жақтан орнатыла бастады. Бірақ туды Қошқарбаев пен Булатов орнатқанын барлық командирлер де, маршал Жуков та білетін. Алайда ресми Жеңіс Туын көтеру рәсіміне олар қатыстырылмады. Аталған ту соғыс қимылдары аяқталғаннан кейін, 2 мамыр күні тігілді. Басшылықтың ұйғарымы бойынша туды орнатуға Кантария мен Егеров бекітілді. Ал алғаш болып туды тіккендер бұл категорияға кірмей қалды», - дейді Жанаев.

Тарихта Егеров пен Кантария аттары алғашқы ту тігушілер болып қалды. Оларды таңдау астарында идеологиялық себептер болған.

Қошқарбаевтың жасаған ерлігі туралы жазушы Борис Горбатов, танымал кинооператор Роман Кармен өз пікірлерін ашық білдіріп кеткен. «Шын мәнісінде біздің жауынгерлерді бүркіт пен қыранмен салыстыру еш керек емес. Ешқандай бүркіт Қошқарбаевпен тең келе алмайды. Ол менің көзімде Рейхстагқа Жеңіс Туын тіккен. Бұндай батырды сипаттау үшін мүлдем басқа теңеулер мен образдар, жаңа поэзия керек», - деп жазып кеткен Горбатов. Ол мақаласы 18 желтоқсанда 1948 жылы шыққан «Литературная газета» шыққан болатын.

Қошқарбаев пен Булатовтың ерлігін мойындағандар арасында дивизиялық газетаның корреспонденті Василий Субботин болған. Өз кезінде журналист осы жайында бірнеше рет жазған еді. Субботиннің соңғы сақталған естеліктерінің бірінде аталған мәселе туралы пікірі анық байқалады. «Мен осы 15 жыл ішінде Қошқарбаев пен Булатов істеген ерлік ұмытылып бара жатқанына қынжыламын. Ешкімнің аты бұлардың ерлігін жасыра алмас».

Көптеген жылдар өткеннен кейін ғана қоғам тарихи әділеттілікті орнату бағытында мардымды қадамдар істей бастады. Бауыржан Момышұлы айтуымен жас қазақ журналисі Кәкімжан Қазыбаев 1958 жылы «Лениншіл жас» газетінде «Жас қазақтың ерлігі» атты мақала жариялады. Мақала арқылы батырлардың есімдері бүкіл Кеңес Одағына танылды.

Соғыстан кейін Рақымжан Қошқарбаев «Алма-Ата» қонақ үйінің басқарушысы болып жұмыс істейді. Оған Кеңес Одағы батыры атағы берілмеді. Бауыржан Момышұлы, Кәкімжан Қазыбаев, Фабит Мүсірепов, Фабден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев секілді қоғам белсенділері Рақымжан Қошқарбаевқа Батыр атағы берілуіне әрекет еткен. Қонаевтың өзі Қошқарбаев пен Булатовты марапаттау туралы мәселені көтерген еді. Бірақ ол билік тарапынан жауапсыз қалды. Сол кездің өзінде Бауыржан Момышұлы Ресей архивтеріне кіруге рұқсаты болатын. Сол арқылы Рақымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағы батыры атағын беру туралы бұйрықты іздеп тапқан. Бірақ құжатта Сталиннің қолтаңбасы болған: «Бермеу!» (отказать). Неге? Себебі, Рақымжан Қошқарбаевтың әкесі 1937 жылы репрессияланған болатын.

Бірақ бұл әділетсіздік біздің жерлесімізді құлата алмады. Оның қызының айтуы бойынша, Рақымжан аға осы жағдайға байланысты ешқашан көңіл-күйін түсіріп, ренжіген емес. Рақымжан Қошқарбаев Алматы қаласының депутаты болып үш мәрте сайланған. «Жеңіс туы» және «Шабуыл» атты екі кітап жазып шыққан.

2005 жылы Әділ Медетбаев Рақымжан Қошқарбайұлы туралы «Шабуыл» атты деректі фильм түсірді. Ал жақында Ресейдің ресми арнасы «Россия 24» Қошқарбаев пен Булатовтың ерлігін мойындады. Рақымжан Қошқарбаев 1988 жылы Алматы қаласында қайтыс болды. Қазақстанның тәуелсіздігін алғаннан кейін, Президент Жарлығына сәйкес Рақымжан Қошқарбаевқа «Халық қаһарманы» атағы берілді.

P.S. Қазір елімізде қос батырдың мерейлі мерекесіне арналған іс-шаралар қолға алынып жатыр. Соның ішінде жыл басынан бері ҚР Қорғаныс министрлігі мұрындық болуымен көшпелі көрмелер, еске алу кештері, кездесулер, дөңгелек үстелдер, акциялар, челленджер өткізіліп жатыр. Сондай-ақ, Кеңес одағының батыры, Халық қаһарманы тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың құрметіне батырдың туған жері Ақкөл қаласында Сағадат Нұрмағамбетов атындағы алаңға Қорғаныс министрлігі ескерткіш орнатады.

Ал Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай тумаластары Астанаға іргелес ауылында ас беруді ойластырып, батырдың рухына бағыштауды жөн санап отыр. Батыр бабаларымыздың рухы биіктей берсін!



ПАМЯТЬ

ЕГО ВКЛАД В СТАНОВЛЕНИЕ АРМИИ НЕОЦЕНИМ

Сагадат Кожакметович Нурмагамбетов всегда думал о будущем, о том, кого подготовит, что он оставит после себя. А каждая встреча с ним становилась для многих бесценным уроком, каждое слово боевого генерала было пронизано мудростью и опытом. Так вспоминают о нем и бережно хранят эти воспоминания те, кому посчастливилось знать и служить вместе с ним.

Жесткий в требованиях, но доброжелательный ко всем

25 мая исполняется 100 лет со дня рождения Сагадата Кожакметовича Нурмагамбетова. Он родился в поселке Енбек Аккольского района Акмолинской области.

- Судьба его своеобразная, трагичная, - говорит генерал армии Мухтар Алтынбаев. - За месяц до рождения Сагадата Кожакметовича скончался его отец, которого он не видел. Почти шесть лет было ребенку, когда скончалась Айна, мать Сагадата Кожакметовича. Он воспитывался у своего брата Сагита, учился в русской школе. Учеба давалась хорошо. Он вспоминал позднее, что в один год закончил два класса.

Когда началась Вторая мировая война, брат Сагит был призван на фронт и вскоре погиб. Сагадат Кожакметович после окончания школы работал в одной из бригад учетчиков, рвался на фронт. После призыва оказался в Туркменистане, городе Кушка, где окончил пулеметное училище, после чего в 1942 году был

направлен на фронт.

Начал войну в Северном Кавказе, а Победу встретил в Берлине командиром батальона. Его батальон участвовал в атаках на гестаповский штаб в Берлине, министерство авиации фашистов, как он писал в своих книгах, а также в штурме Рейхстага. Очень кровопролитные бои были.

В 1945 году был удостоен звания Героя Советского Союза с присвоением ордена Ленина. После окончания войны он работал, служил на различных должностях, окончил академию, был заместителем командующего Среднеазиатского округа в Алма-Ате.

- В период уже нашей независимости, повезло, что такой человек со своим характером, с таким опытом фронтовым оказался в Казахстане. Потому что была серьезная проблема - это национальные кадры. Надо было создавать свои Вооруженные Силы, - рассказывает генерал Алтынбаев.

В 1991 году был создан Комитет обороны, его председателем был назначен генерал-лейтенант Сагадат Нурмагамбетов. С ним Мухтар Капашевич познакомился в Москве на последнем всероссийском совещании, которое проходило в Кремле. После возвращения в Казахстан генерал Алтынбаев был назначен командиром корпуса противовоздушной обороны в Алма-Ате.

Как раз образовался Комитет обороны, и, видимо, уже было указание президента о подготовке к формированию Министерства обороны Казахстана. Эта тяжелая ноша легла на плечи Сагадата Кожакметовича, - вспоминает генерал Алтынбаев. - Перестала существовать советская армия, армия СНГ. Надо было что-то делать. Президент подписал указ о создании Вооруженных Сил Казахстана с назначением генерал-лейтенанта, героя Советского Союза Сагадата Кожакметовича Нурмагамбетова первым министром



Кожакметович был жесткий в требованиях, но очень уважительно и доброжелательно относился ко всем, начиная от солдата и до генерала. Это особенность его характера.

- Столетие - это большой юбилей. Уверен, что память о первом министре обороны Казахстана, генерале армии, Герое Советского Союза, Халық Қаһарманы Сагадате Кожакметовиче Нурмагамбетове навечно останется в сердце народа, - заключил Мухтар Алтынбаев.

Великая мудрость и терпение

Первый казахстанский космонавт, генерал-майор ВВС Токтар Аубакиров познакомился с первым министром обороны сразу после своего космического полета в 1991 году. Спустя год он был назначен первым заместителем Сагадата Нурмагамбетова, который занял пост председателя Комитета государственной обороны. С той поры их судьбы были неразрывно связаны.

- Сагадат Кожакметович обладал уникальным даром, который дали ему родители и Всевышний. Именно он помог ему стать военным. При этом военных у него в роду не было. Будучи на фронте, он продолжал закалять себя и свой характер, достигнув высот и закончив войну в чине майора. Благодаря своему дару после войны он сумел поступить в академию и с отличием ее окончить, - говорит Токтар Аубакиров.

Вспоминая его, генерал Токтар Аубакиров отмечает, что Сагадат Нурмагамбетов был очень немногословным, но умеющим четко и лаконично выразить свою мысль. Эта черта помогла многим военным понимать, в каком направлении нужно двигаться и работать.

- Надо сказать, что Сагадат Кожакметович возглавил нашу армию, будучи уже немолодым человеком со своим мировоззрением, сложившимся за прожитые годы. Однако, надо отдать должное тому, что несмотря на существующие сложности, ему удалось создать казахстанские Вооруженные Силы, - вспоминает Токтар Аубакиров.



направлен на фронт.

Начал войну в Северном Кавказе, а Победу встретил в Берлине командиром батальона. Его батальон участвовал в атаках на гестаповский штаб в Берлине, министерство авиации фашистов, как он писал в своих книгах, а также в штурме Рейхстага. Очень кровопролитные бои были.

В 1945 году был удостоен звания Героя Советского Союза с присвоением ордена Ленина. После окончания войны он работал, служил на различных должностях, окончил академию, был заместителем командующего Среднеазиатского округа в Алма-Ате.

- В период уже нашей независимости, повезло, что такой человек со своим характером, с таким опытом фронтовым оказался в Казахстане. Потому что была серьезная проблема - это национальные кадры. Надо было создавать свои Вооруженные Силы, - рассказывает генерал Алтынбаев.

В 1991 году был создан Комитет обороны, его председателем был назначен генерал-лейтенант Сагадат Нурмагамбетов. С ним Мухтар Капашевич познакомился в Москве на последнем всероссийском совещании, которое проходило в Кремле. После возвращения в Казахстан генерал Алтынбаев был назначен командиром корпуса противовоздушной обороны в Алма-Ате.

Как раз образовался Комитет обороны, и, видимо, уже было указание президента о подготовке к формированию Министерства обороны Казахстана. Эта тяжелая ноша легла на плечи Сагадата Кожакметовича, - вспоминает генерал Алтынбаев. - Перестала существовать советская армия, армия СНГ. Надо было что-то делать. Президент подписал указ о создании Вооруженных Сил Казахстана с назначением генерал-лейтенанта, героя Советского Союза Сагадата Кожакметовича Нурмагамбетова первым министром



Первому министру обороны досталось «хлопотное хозяйство», в котором одной из проблем был массовый исход офицерских кадров. В этой связи Сагадат Нурмагамбетов приложил огромные усилия для того, чтобы костяк из командиров и генералов остался служить в Туркестанском военном округе.

Для решения этих и других проблем под непосредственным руководством первого министра обороны была создана правовая база Вооруженных Сил. Токтар Аубакиров вспоминает, что при ее создании Сагадат Нурмагамбетов уделил большое внимание социальному положению военнослужащих, что помогло обеспечить офицеров жильем.

- В то время нам всем приходилось учиться жить по-новому. Поэтому, приходя на работу в 8 часов утра, мы уходили в 1-2 часа ночи. В этот период Сагадат Кожакметович проявлял великую мудрость и терпение. Уникальной его способностью была феноменальная память. Поражало то, что он знал по имени отчеству каждого командира части, базировавшейся на территории Казахстана, - говорит генерал Аубакиров.

